

туындаған өзгерістерді де атап көрсетеді. *Осы этнографиялық деректерде көбінесе қазақ әйелдерінің қоғамдағы рөлдерін оңша ашып көрсетпеседе, басқа жоғарыда көрсеткен Р.Каруц, А.Мозера, Н.Наполеон секілді шетелдік ориенталисттердің еңбектерінде объективті пікірлерде кездеседі.*

Қорытындылай келе, қазақ әйелдері қоғамдағы дәстүрлі рөлдерге қарамастан, әрдайым отбасылық және қоғамдық өмірде белгілі бір дәрежеде еркіндік пен маңыздылыққа ие болған. Олар шаруашылық жүргізу мен бала тәрбиесі сияқты міндеттерін қоғамдық істерге қатысу және ашық қарым-қатынаспен шебер үйлестіре білді. Қазіргі этнографиялық зерттеулер қыздардың отбасылық тұрмысына қатысты дәстүрлі нормалар қазақ мәдениетінің маңызды бөлігі болып қала беретінін растайды, дегенмен әлеуметтік және экономикалық өзгерістер олардың рөлдерінің кеңейіп алып келді. Бұл қазақ қоғамының біркелкі емес екенін көрсетеді, ол әйелдерге дәстүрлі құндылықтарды сақтай отырып, жаңа өмір жағдайларына бейімделуге мүмкіндік берді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. В.Д Тронов. «Материалы по антропологии и этнологии киргизов». - Санкт-Петербург 1891.
2. Каруц Р. Среди киргизов и туркменов на Мангышлаке. - СПб, 1911 г.
3. Зеланд Н. Киргизы. Этнологический очерк / Записки Западно Сибирского отдела ИРГО. Кн. VII, вып. II. - Омск, 1885 г.
4. Броневский. Записки о киргиз-кайсаках Средней орды // Отечественные записки. 1830, - № 119, март; - № 122, июнь; - № 123, июль; - № 124, август.
5. Гейнс А.К. Киргизские очерки // Военный сборник. 9 год. СПб, 1866.- №1, 6, 7, 8.
6. Франкоязычные путевые очерки о Центральной Азии: Путешествия Наполеона Нея и Анри Мозера во второй половине XIX века.
7. Бекетаева, Г. Н. Женщина в казахской культуре: история и современность. - Астана: ЕНУ им. Л. Н. Гумилева, 2020.

#### **ФАЗЛУЛЛАХ ИБН РУЗБИХАН ИСФАХАНИДІН «МИХМАН-НАМЕ-ЙИ БУХАРА» ЕҢБЕГІ ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫНЫҢ АСА МАҢЫЗДЫ ДЕРЕК КӨЗІ**

Пайзилбеков Н.

Ғылыми жетекшісі: PhD докторы, профессор ассистенті Смағұлов Н.Б.,  
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті  
Қарағанды қ.

**Кіріспе.** Фазлуллах ибн Рузбихан Исфahanидің «Михман-наме-йи Бухара» еңбегі Орта Азия мен Қазақстан тарихы үшін маңызды дереккөздердің бірі. Бұл шығарма XVI ғасырдың басында жазылған және Бухара мен оның айналасындағы аймақтардың әлеуметтік-саяси, мәдени өмірі туралы құнды мәліметтер ұсынады. Фазлуллах ибн Рузбихан, өз заманындағы тарихшы әрі ғалым ретінде, Бухараны ерекше жақсы біледі және оның мәдениетіне, әкімшілік құрылымына, тұрғындарының тұрмыс-тіршілігіне терең үңіледі. Шайбанилік тарихнама қатарында Орта Азия мен Қазақстан тарихы жөніндегі аса маңызды түпнұсқа еңбек – Фазлаллах ибн Рузбихан Исфahanидің «Михман-наме-йи Бухара» [1] (Бұхар мейманының кітабы) деген еңбегі ерекше орын алады. Ол хижра бойынша 862/б.з. 1457-58 жылы Иранда туған. Ибн Рузбиханның балалық және жастық шағы Шираз бен Исфahanда өткен. Хиджаз бен Египетте ол сол замандағы ғылымнан зор білім алып, көрнекті діни ғалым мен әдебиетші болды. Кейіннен Ибн Рузбихан XV ғасырдың аяғы – XVI ғасырдың басындағы Иран мен Орта Азияның бірқатар билеушілерінің сарайларында жоғары қызметтер атқарды. Әзербайжандағы Ақ-Қойынлы әулетінің тарихына арналған «Тарих-и аламара-йи Амини» деген тарихи шығарма жазды. 1504 жылы Шах Исмаил Сефевидің әскерлері сунниттерді талқандағаннан кейін Ибн Рузбихан Ираннан кетіп, Мауараннахрдағы Мұхаммед Шайбани ханның сарайына барды. Жорықтарда оған ере жүріп, ханмен діни ілім сайыстар мен әңгімелерге қатысты[2].

Қазақстан мен Орта Азия тарихнамасында Ибн Рузбихан «Бұхара мейманының кітабы» авторы ретінде мәлім. Шығарма Мұхаммед Шайбани ханның 1508-1509 жылдың қысындағы қазақтарға қарсы жорығына әзірлік пен жорықтың өзіне арналған. Шынына келгенде ол XV-XVI ғасырлар шеңберіндегі қазақтар мен көшпелі өзбек тайпаларының әлеуметтік-экономикалық, мәдени және саяси өмірінің көптеген жақтарын сипаттайтын тарихи құнды еңбек. Ибн Рузбиханның еңбегінде қазақтардың тұрмысы, шаруашылығы, Шығыс Дешті Қыпшақ халқының этникалық құрамы, Қазақстан мен Орталық Азия халқының сауда-экономикалық байланыстары, Қазақ хандығының билеушілері мен шайбанилердің өзара саяси қатынастары туралы мәліметтері ерекше.

Дешті Қыпшақ пен Түркістан жөніндегі тарихи-географиялық материалдар қызығушылық туғызады. Оңтүстік Қазақстанның Сыр өңіріндегі қалалары туралы мәліметтер ерекше маңызды. Олардың көпшілігіне – Түркістанға, Сауранға, Аркөкке және басқаларына ол өз еңбегінің көптеген беттерін арнаған. Ибн Рузбиханның шығармасын 1962 жылы Манучихр Сутуде Тегеранда басып шығарды.

### **Зерттеу жұмысының деректер қоры мен тарихнамасы**

Фазлуллах ибн Рузбихан Исфханидің «Михман-наме-йи Бухара» [1] еңбегі Орта Азия мен Қазақстан тарихын зерттеу тарихында маңызды орын алады. Бұл еңбек алғаш рет XIX ғасырда орыс зерттеушілері тарапынан зерттеле бастады. Оның ішінде ең алғашқы аудармасы мен түсініктемелері А.И. Левшиннің еңбектерінде көрініс тапты. А.И. Левшиннің «Қазақтар» атты еңбегінде автор Фазлуллах ибн Рузбиханның шығармасының мәнін түсіндіріп, оның тарихнамалық құндылығын атап көрсеткен. Кеңес дәуірінде бұл еңбекке қызығушылық азайған жоқ. Бірақ тек тарихи контекстте ғана зерттелгендіктен, тек Орта Азия мен Қазақстан аумағындағы саяси оқиғалар мен тұлғаларға қатысты мәліметтер талданды. Кеңестік тарихнамада ислам дінінің және Орта Азиядағы мәдениеттердің ықпалы жиі қарастырылды, бірақ этникалық және әлеуметтік құрылымдардың ерекшеліктері көбінесе назардан тыс қалды. Қазіргі кезеңде, тәуелсіз Қазақстанда «Михман-наме-йи Бухара» еңбегіне жаңаша көзқараспен қарау үрдісі байқалады. Заманауи зерттеулер Фазлуллах ибн Рузбиханның шығармасын тек тарихи құжат ретінде ғана емес, сонымен қатар Орталық Азия мен Қазақстанның мәдени байланыстары, этникалық процестер мен қоғамдық құрылымдарының қалыптасуы туралы аса маңызды дереккөз ретінде зерттеуде. Қазақ тарихшылары мен Орта Азия зерттеушілері бұл еңбекті зерттеу арқылы ортағасырлық Қазақ хандығының саяси жағдайы мен әлеуметтік құрылымы туралы жаңа тұжырымдар жасауда. Бүгінгі күні бұл еңбек туралы жазылған еңбектер көбейіп, зерттеулердің сапасы да арта түсті. Орта Азия тарихы мен мәдениетін зерттеу аясында Фазлуллах ибн Рузбиханның шығармасы өзінің өзектілігін сақтап, жаңа зерттеулердің бағыттарын айқындап отыр. Жалпы алғанда, Фазлуллах ибн Рузбиханның «Михман-наме-йи Бухара» еңбегіне қатысты тарихнамадағы басты бағыттар – бұл оның тарихи дерек ретінде маңыздылығы, Орта Азияның мәдени және әлеуметтік өмірінің ерекшеліктері, сондай-ақ Орта Азия мен Қазақстанның арасындағы тарихи және мәдени байланыстарды зерттеу болып табылады.

**Зерттеудің нысаны** Фазлуллах Ибн Рузбихан Исфханидің «Михман-наме-йи Бухара» еңбегінде келтірілген Орта Азия мен Қазақстан тарихы жөніндегі аса маңызды оқиғалар.

**Теориялық әдіснамалық негізі** – Мақаланы жазу барысында алынған ақпараттардың шынайылық деңгейін анықтауға мақсат еттік. Зерттеудің негізгі әдісі ретінде тарихи-салыстырмалы әдісті және синтез, анализ, жинақтау, қорыту әдістері қолданылды. Ибн Рузбиханның қазақтардың тұрмысы, шаруашылығы, Шығыс Дешті Қыпшақ халқының этникалық құрамы, Қазақстан мен Орталық Азия халқының сауда-экономикалық байланыстары, Қазақ хандығының билеушілері мен шайбанилердің өзара саяси қатынастары туралы мәліметтеріне сүйене отырып, сол кезеңдегі Қазақстан тарихына қатысты саяси және мәдени оқиғаларға бүгінгі күнгі көзқарас тұрғысынан баға беруге талпыныс жасалынды.

**Зерттеу жұмысының хронологиялық шеңбері** – Шығарма Мұхаммед Шайбани ханның 1508-1509 жылдың қысындағы қазақтарға қарсы жорығына әзірлік пен жорықтың өзіне арналған.

### **Негізгі бөлім**

Өзара қарым-қатынастары қазақ хандығының нығаюы, оның құрамында этникалық аумақтың бірігуі XVI ғасырдың басында Бұрындық және Қасым хандардың билік ету кезімен байланысты. Солардың тұсында мемлекеттік аумақ оның қазақтар мекендеген этникалық шекаралармен толық дерлік сәйкес болатындай етіп кеңейтілді. Қазақстан даласының көшпелі халқы үшін Орталық Азияның отырықшы-егіншілік аудандарымен шаруашылық байланыстарының, Сырдария бассейні аумағындағы қалалар арқылы жүзеге асырылған байланыстардың зор маңызы бар еді. Жетісуда қазақ билеушілері өздерінің көшпелі бодандарының жерлерін қорғады. Қазақтардың Түркістан, Сыр өңірі қалалары үшін әуелі Темір ұрпақтарына, содан соң Мұхаммед Шайбани хан мен оның мирасқорларына қарсы екі ғасырға созылған күресі қазақ хандары тарапынан да, Мауараннахр билеушілері тарапынан да зор табандылығымен және каталдығымен ерекше болды [3]. Сыр өңірі қалалары қолдан-қолға көшіп отырды. Қазақ хандарына бұл қалалар Шығыс Дешті Қыпшақта өз билігін нығайту үшін Шайбанилер және XVII ғасырда аштархани әулеттеріне қарсы күресінде тірек пункттер ретінде керек болатын. Ал өз жауларынан жеңіліс тапқан кезде олар сол қалалардың дуалдарына тығылып паналайтын. Бұл қалалар Қазақ хандығына экономикалық күш-қуатын нығайту үшін өмірлік маңызы бар орталықтар ретінде керек болды. Қалаларға Мәуереннахр мен Шығыс Түркістаннан саудагерлер көшпелілерге керекті қолөнер мен егіншілік өнімдерін әкелінетін, ал далалықтар малын және мал өнімдерін отырықшыларға әкеліп сататын. Қалалар әміршілерінің егіншілерден, қолөнершілерден алатын салық түсімдері және керуендері осы сауда орталықтары арқылы Орталық Азияға жүріп өтетін саудагерлерден алынатын баж зор рөл атқарды. Қазақтар мекендейтін жерлердің тарихи қалыптасқан жағдайлары мен географиялық ерекшеліктері мынадай болатын: Сырдария алқабы, әсіресе Сырдарияның төменгі ағысы, Қаратау баурайлары олардың қысқы қоныстары орналасқан жерлер еді, ал оларды бұл аумақтың түйінді пункттері – қалаларды қолда ұстағанда ғана иелену мүмкін болатын. Осының бәрі қазақ билеушілерінің Сырдария қалалары үшін күресте табандылық көрсетуін түсіндіріп береді. Мауараннахрдың билеушілері үшін бекіністері бар бұл аумақ әрқашанда Шығыс Дешті Қыпшақ көшпелілерінің шапқыншылығына қарсы қорғанысты шеп болып келді. Осы шекаралық мекендерге ие болып, оларға гарнизондарын орналастыру арқылы олар көшпелілерді Мауараннахрдың отырықшы аймақтарына өткізбеге тырысты. Көршілес екі мемлекеттің бір-біріне қарсы бағытталған осы агрессивтік ниеттері табан тірескен күреске әкеп соғып, онда бір жағының сәтсіздіктері оның жеңісімен алмасып және керісінше болып отырды. Екі ғасыр бойы қазақ билеушілерінің мерейі үстем болып, Сырдария бойындағы жерлер мен қалаларды өз қолдарына қаратып алды [4]. Қалаларды иеленіп алу қазақ хандарын далалық аймақтағы саяси жағдайында күшейтті. XVI ғасырда, әсіресе Қасым хан, Хақназар хан мен Тәуекел хан табысқа

жетті, олардың тұсында Түркістан қалалары ғана емес, сонымен қатар Ташкент те Қазақ хандығының құрамына қарады, Түркістан Қазақ хандығының астанасы болды.

XVI ғасырдың басында Қазақ хандығы мен Мауереннахрдағы шайбани ұрпақтары мемлекетімен өзара қатынастары бұрынғысынша күрделі болып қала берді. Ол қатынастарға Сыр өңірі қалаларын иелену жолындағы ұзаққа созылған күрес негіз болды. Соған қарамастан ортағасырлардағы бейбіт халық арасында отырықшы-егінші аймақ халқымен бейбіт қарым-қатынастар орнатты. Тату көршілік қатынастар бейбіт экономикалық байланыстар арқылы жасалды. Қазақтар, көшпелілер көбінесе калалық қолөнер кәсіпшілігінің бұйымдарымен және отырықшы егіншілер еңбегінің өнімдерімен жабдықтауды қажет етті, өз кезегінде олар артық малы мен көшпелі мал шаруашылықта өндірілген өнімдерін өткізуге мұқтаж болды. Қазақстан мен Орталық Азияның көршілес аймақтары халықтарының шаруашылық, сауда байланыстары өзара мүдделілікке негізделген дағдылы құбылыс еді [5].

«Михман-наме» авторы Шайбани ханды оның Иранға жорықтары кезінде «сол халықтың яғни қазақтардың Түркістан мен Мауараннахр жеріне шапқыншылығы мен шабуылы» осылайша үнемі қауіп төндіруі аландатып отырғанын жазады. Хижраның 909 жылында (1503-1504 жж.) Шайбани хан Түркістан арқылы жүріп өтіп, өздерінің көш-керуені мен малын тастап, Дештінің түкпіріне қарай шегінген қазақтарға қарай қырға бет алды. Өзбек ханы әскерлер қолға түсірген мол олжа алып, кері қайтты, бұл жолы бәрі де шайқасыз өтті. «Бір жылдан кейін, – дейді Рузбихан, – Орта Азияның оңтүстігі мен Хорасандағы басқыншылық мақсаттарын жүзеге асыруға өзіне тыл жасау үшін Мұхаммед Шайбани хан қазақтарға жаңадан жорық жасады». Хижра бойынша 910 жылғы (1504-1505 жж.) Бұрындық хан қазақтарына жасалған бұл жорықта да қазақтар дала түкпіріне шегініп кеткен, бірақ Рузбиханның айтуына қарағанда, Шайбани ханның қазақтарды азды-көпті дәрежеде талқандаудың сәті түспеген: «ол оңтүстікке кетісімен, қазақтар қайтадан Түркістан мен Мауараннахрға келді» [1] деп хабарлайды Рузбихан. Қазақ сұлтандары жорықтар кезінде олжа түсіріп, тұтқындар алумен қанағаттанбай, жер алуға да ұмтылып отырады. XVI ғасырдың бірінші онжылдығының аяғына қарай Сырдария бойындағы қалалардың біразына Жәнібектің ұлы Жаныс сұлтан билік жүргізді.

«Олар [Жаныс сұлтанның ұлы Ахмет сұлтанның қазақтары] [Самарқанд пен Бұхараны шапқаннан кейін] Сырдария өзенінен Үзкент бекінісі тұсынан өтіп, Түркістанға, қазақтардың ең жақын иелігі болып табылатын Жаныс сұлтанның иелігіне келді» [1]

Жаныс сұлтанның Түркістандағы иеліктері шегінен Самарқан мен Бұхараға Ахмет сұлтанның бұл шапқыншылығы 1508 жылдың күзінде жасалған еді. Шайбани ханның Хорасаннан асығыс қайтып келе жатқанын білген қазақтар Сырдарияның арғы жағындағы Түркістанға қайтып, өздерімен бірге мыңнан астам тұтқын әкеткен. Шайбани хан қайтып келген кезде қазақтардың сырдариядан өтіп те кетуіне, ал хорасан істерінің тез арада қайтып оралуды керек етуіне байланысты Өзбек ханы қазақтарға қарсы жорықты бір жылға кейін қалдырып, оларға бір жылдан кейін, хижра бойынша 914 жылы (1509 жылғы 28 қаңтарда) ғана аттанды. Осы жорыққа қатысушы Ибн Рузбихан Исфохани нақ осы жорықтың мән-жайын мейлінше толық баяндайды. Оның қазақтар мен өзбектердің жауласуы туралы пікірі, 1509 жылғы жорықтың әзірлігі туралы, Мұхаммед Шайбани әскерлерінің Түркістан қалаларында азық-түлікпен жабдықталу тәртібі туралы мәліметтері ынта-ықылас туғызады. Өзбектердің Түркістанға баратын жолындағы алғашқы бекініс Шайбани ханның иелігіндегі Аркөк болатын, ол азық-түлік қорын толықтырып алу үшін үш күнге аялдады, мұнда оған өз әскерлерімен өзбек сұлтандары мен әмірлері келіп қосылды: Самарқан уәлаятынан 30 мыңнан астам әскері бар баласы Мұхаммед-Темір сұлтан келіп жетті, басқа да «атақты өзбек әмірлері» мен сұлтандары келді. Аркөктің өзінен де, Түркістанның басқа жерлерінен де қазақтарға жорық жасауға қажетті көп мөлшерде азық-түлік пен жем-шөп жиналды: «түрлі өлкелер мен шет аймақтардың шайқасқа аттанатын әскерлеріне Түркістан уәлаятынан бір айға қажетті жабдық, өнімдер мен азық-түлік, салт мінетін ат пен жүк артатын көлікке арнап жем-шөп алып, өзбектер (қазақтар) жаққа аттануға, жеңімпаз әскер қатарындағылардың бәріне Түркістанның шығыс жерлері шебінен көп мөлшерде жабдықтар, қару-жарақ заттарын, азық-түлік жинауға қасиетті бұйрық берілді» [1] Сырдария жағасындағы жатқанын естіп, Түркістаннан шегініп барған жері Қара-Абдалға жетті. Рузбиханның мәліметтері бойынша, Жаныс сұлтанның бүкіл ұлысында 100 мың адам болған, олардан ұрысқа жарамды 30 мың жауынгер шыққан.

Оқиғаны көзімен көрген Ибн Рузбихан соғыс майданын былайша баяндайды: «Екі жақта ұрысқа кірісті. Шайбан ханның әскері қару-жарағы мен басқарушылық жағынан артықшылыққа ие болды. Қазақтар қолайсыз жағдайда болса да өздерінің жанұялары мен мал-мүлкін асқан ерлікпен қорғады. Татар әскерінің атымен кездесетін араб және парсы тарихындағы Қазақтар жөніндегі даңқ бұрыннан белгілі. Бұл шайқастағы көрсетілген олардың ерлік пен қаһарман батылдығы барлық мадақтаулардан шын мәнінде жоғары болды. Шайбани әскері 914 жылы (1510) жеңіске жетіп, талан таражға кірісті. Қолға түсірілген олжаның мөлшері мен сансыз көп болды. Жылжымалы киіз үйдің өз он мыңнан астам болды. Олар ағаштан және әртүрлі сурет салынған тақтайлардан жасалды. Жоғарғы жаға киізбен жабылды. Ол да әртүрлі гүлді өрнектер салынған. Барлық киіз үйлер көркемделген [1, 127 б.].

Жеңіліс тапқан қазақтар Шығыс Дешті Қыпшаққа тереңдеп, Таныш сұлтан мен Бұрындық ханның ұлыстарына қарай қашқан. Ұлысын қорғап жанкештілік жасап, ерлікпен шайқасып, қатты жараланып қолға түскен Жаныс сұлтанның ұлы Ахмет тұтқынға түсіп, өлтірілген. Соғыста талқандалған Жаныс сұлтанның ұлысы толық талап-тоналды. Қолға түсірілген олжаның мөлшері мен сан алуан болғаны – соның ішінде

қазақтардың он мыңнан астам жылжымалы үйі (киіз үйлер), үй жабдықтары, мүлкі, салт мінетін аттар, сиыр, түйе, қой туралы Рузбихан келтірген мәліметтерге қарағанда, олардың саны «санауға сан жетпейтін қисапсыз көп» [1] болып, оларды кейіннен бірнеше ай бойы тасуға тура келген, Мұның өзі қазақтардың экономикалық күш-қуаты едәуір мықты болғанын да, оларды толассыз соғыстар көп шығынға ұшыратып отырғанын да аңғартады.

#### **Қорытынды**

Фазлуллах ибн Рузбихан Исфханидің «Михман-наме-йи Бухара» еңбегі Орта Азия мен Қазақстан тарихының маңызды оқиғаларын баяндайтын ерекше дерек көзі болып табылады. Бұл шығарма XV ғасырдың ортасында жазылғанымен, оның мәні мен маңызы бүгінгі күнге дейін сақталуда. Еңбекте сол дәуірдегі Мәуереннах өлкесі мен Қазақ хандығының саяси, мәдени және экономикалық өмірі туралы құнды мәліметтер беріледі, сондай-ақ автордың өз заманындағы қоғамдық қатынастар мен ұлттар арасындағы байланыстар туралы пікірлері кеңінен қамтылған. «Михман-наме-йи Бухара» шығармасы Орталық Азияның тарихи картасын айқындап, Қазақстан мен оған жақын аймақтардағы сауда, дипломатиялық қатынастар мен мәдениетке қатысты бірқатар маңызды мәліметтерді ашып көрсетеді. Бұл еңбекте айтылған оқиғалар мен деректер қазақ халқының және оның көршілес мемлекеттермен байланыстарының маңызды аспектілерін зерттеуде үлкен роль атқарады. Фазлуллах ибн Рузбиханның сипаттаулары мен терең талдаулары тарихи оқиғаларды қазіргі кезеңдегі зерттеулер үшін бағалы ақпарат көзіне айналды.

Қорыта келгенде, «Михман-наме-йи Бухара» тек тарихи дерек қана емес, сондай-ақ ортағасырлық Орта Азияның мәдениеті мен қоғамдық өмірінің тұтастай көрінісі болып табылады. Оның маңызы осы аймақтағы түрлі халықтардың тарихи естеліктерін, дәстүрлерін және салт-дәстүрлерін түсінуде терең ықпал ететінін атап өту керек.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

- 1 Фазлаллах ибн Рузбихан Исфхани. Михман-наме-йи Бухара (Записки Бухарского гостя). – Перевод, предисловие и примечания Р.П. Джалиловой. Под редакцией А.К. Арендса. – Москва: Наука, 1976. – 538 с.
- 2 Қазақтың тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 2 том. – Алматы: Атамұра, 2010. – 640 б.
- 3 Материалы по истории казахских ханств XV – XVIII веков (Извлечения из персидских и тюркских сочинений)Состовители: Ибрагимов С.К., Мингулов К.А., Пищулина К.А., Юдин В.П. Алма-Ата. – Наука. 1969. – 648 с.
- 4 Пищулина К.А. Юго-восточный Казахстан в сред. XIV-XVI вв. (Вопросы политической и социально-экономической истории). – Алма-Ата: АН КазССР, 1977. – 287 с.
- 5 Прошлое Казахстана в источниках и материалах. Под. Ред. Проф. Асфендиярова С.Д. и проф. Кунте П.А. – 2-е изд. – Алматы: Қазақстан. 1997. Сборник I: (V в. До н.э. – XVII в. н.э.). – 383 с.

### **САРЫОБА АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ КЕШЕНДЕГІ ҚАЗБА ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ**

Рысбек М

Ғылыми жетекшісі: г.ғ.м., аға оқытушы Д.Т. Шашенов  
Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университеті  
rysbekeirambek@icloud.com  
Қарағанды қ.

Археологиялық кешен Ақмола облысының Жақсы ауданында Терісаққан ауылынан оңтүстікке қарай 6 км жерде, Терісаққан өзенінің Есілге құяр тұсында, биіктеу келген жазықта орналасқан. Кешенді 2006 жылы Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің К.А. Ақышев атындағы Археология институтының мамандары ашып, алғашқы ғылыми сипаттамасын жасаған (Историко-культурное наследие..., 2008). Нысанды анықтауда Ақмола облысы Жақсы ауданы Запорожье орта мектебінің директоры, «NOMAD» археологиялық клубының жетекшісі Е. Байдусеновтың үлесі зор. Сарыоба археологиялық кешені ежелгі дәуірден бастап этнографиялық уақытқа дейінгі аралықтағы жерлеу және ғұрыптық құрылыс тардан тұрады. Ежелгі дәуір құрылыстарына кешеннің орта тұсындағы шартты түрде «Үлкен оба» атауы берілген нысан жатады. Бұл нысанның ең биік тұсы 3,85 м құрайды. Обаның жалпы диаметрі 100 м. Периметрі бойынша жалпақтығы 8-10 м, тереңдіктері 0,35-0,65 м болатын ормен қоршалған. Оба үйіндісі топырақтан. Оның төбесі жайпақтау және сол түстіктен оңтүстікке қарай көлбеулеу келген. Үйіндінің үстінде әр жерлерінен кішігірім тас құрылыстардың орны байқалады. Олар сыртқы пішіні бойынша ортағасырлық және этнографиялық уақыттың жерлеу орындарына сәйкес келеді. Жалпы саны 13 үйіндінің орны бар. Оларды шартты түрде 3 топқа және 1 жекелеген оба түрінде қарастыра аламыз. Кешен құрамындағы Үлкен обаға мерзімделік тұрғыда қатысы бар ғұрыптық нысандардың 2 түрі кездеседі: шеңбер – қоршау тәріздес және ұзыншалау – жал тәріздес формада. Бірінші түрдегі ғұрыптық нысандар Үлкен обадан солтүстікке қарай 100 м жерде батысшығыс бағыты бойынша